

А. М. Сайтбеков,

*академия бастығының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың биылғы жылдың 11 қыркүйегінде Астанадағы Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде: «Бүкіл әлемді дағдарыс жайлап, дамыған елдердің өздері үлкен экономикалық күйзеліске ұшыраған мынау алмағайып заманда алыс-жақын ағайынның басын қосып, Қазақ хандығының 550 жылдық ұлан-асыр тойын өткізудің өзінің ерекше себептері бар. Бүгінгі той, ең алдымен батыр бабаларымыздың биік рухына тағзым ету және тағдырдың сан алуан қиындықтарына сүрінбей өткен ата тарихына тағылым алу үшін өткізіліп отыр» — деп атап өтті.

Қазақ елі сан мыңдаған тарихы бар, өткені мен бүгіні тарих жазбаларында үлкен орын алатын ел. Қазақ хандығының құрылуы Қазақстан территориясында XIV—XV ғғ. болып өткен әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси процестердің заңды қорытындысы болды. Тарихи әдебиетте В. В. Вельяминов-Зерновтан бастап, Шығыс-Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпаларының бір бөлігін Жошы ұрпағы Керей мен Жәнібектің басшылығымен Шу мен Талас өзендерінің жазығына көшуі — Қазақ хандығы құрылуының басталуы болды деген пікір бар.

1456 жылы Керей мен Жәнібек ханның Әбілқайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап Шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріне қоныс аударуы — Қазақ хандығының құрылуына мұрындық болған маңызды тарихи оқиға болған еді. Орыс ханның шөберелері — Керей мен Жәнібек XV ғ. 50 жылдарының орта шенінде қарамағындағы ауылдарымен Шу өзенінің бойына көшіп кетуге мәжбүр болды. Осы оқиғалар жөнінде Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің «Тарихи-Рашиди» атты шығармасында былай деп жазады: «Ол кезде Дешті-Қыпшақты Әбілқайыр хан биледі және Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп барады. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс жағындағы Шу мен Қозыбас аймақтарын берді. Олар барып орналасқан соң, Әбілқайыр (1468 ж.) дүние салды да, Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей мен Жәнібекке көшіп кетті. Олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Оларды өзбектер — «қазақтар» деп атады. Сөйтіп, 1465—1466 жылдары Шу мен Талас өзендерінің алқабында Қазақ мемлекетінің негізін салған дербес Қазақ хандығы құрылды».

Тарихи деректерде қазақ ханы болып алғаш Керей хан болған деп жазылады. Керей мен Жәнібек Қазақ хандығы үшін қолдарынан келгенін жасады. Сырдария бойындағы қалалар мен Дешті-Қыпшақ даласы үшін күресте Қазақ хандығының басты бәсекелесі және ата жауы Әбілқайыр хан еді, оларды жеңіп, Дешті-Қыпшақтағы билік Орыс ханның тұқымдары — Жәнібек хан мен Керей ханның қолдарына өтті, олар тағы да отыз жыл бойы шайбанилықтармен табан тіресе шайқасты.

Тарихшылардың саралауына қарағанда, Қазақ хандығы құрылғанға дейін Ертістен Еділге дейін созылған ұлан-ғайыр далада үлкенді-кішілі саяси құрылымдар, ұлылы-кішілі мемлекеттер өмір сүрген. Мұның бәрі — Қазақ хандығына дейінгі ізашар буын-бунақтар, Қазақ елі деген алып бәйтеректің өзегіне нәр берген түптамырлар, қайнар бастаулар. Сол себептен де Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Тарих толқыны» атты кітабында «Қазақ хандығы Орталық Азия аумағындағы алғашқы ұлттық сипаттағы мемлекет болды», — деп әділ баға берді.

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналып, Астанада өткізілген жиында Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Бүгінгі той, ең алдымен, Қазақ хандығының 550 жылдық тойы. Атақты Мұхаммед Хайдар Дулатидің деректері бойынша, 1465 жылы Қозыбасы тауының етегінде тарихи оқиға болды. Бұл — біздің елдігіміздің тамыры тереңде жатқанын танытатын аса маңызды дерек. Керей мен Жәнібек хандар Әбілқайыр ұлысынан бөлініп, Шу мен Таластың

арасында Қазақ хандығының шаңырағын көтерді. Алты Алаш анттасып, айырылмасқа сөз байласып, Ұлытауға таңбаларын қашап жазды. Осылайша, тарих сахнасына қазақ деген халық шығып, ұлан-ғайыр өлке қазақ жері деп атала бастады» — деп атап көрсетіп, Қазақ хандығы мен Қазақстанның тәуелсіздігі тұтас бір тарих екендігін айтқан болатын.

Сонымен Қазақ хандығының құрылуына ұйтқы болған себептер — саяси және этникалық процестер болды. Оның басты кезеңі — Керей мен Жәнібектің қол астындағылармен бірге көшпелі өзбектердің басшысы Әбілхайырдан кетіп, Моғолстанның батысына қоныс аударуы. Мұндағы маңызды оқиға — Керей мен Жәнібекті жақтаушылардың өзбек-қазақтар, кейін тек қазақтар деп аталуы. Әбілхайырдың өлімінен кейін Керей мен Жәнібектің Өзбек ұлысына келіп, үкімет билігін басып алуы. Жаңа мемлекеттік бірлестік «Қазақ хандығы» атана бастады.

Жәнібек хан мен Керей хан Жетісу өңірі, Шу мен Талас өзендерінің бойын мекендеген қазақтардың басын қосуда көп еңбек сіңірді. Бұл мақсатпен олар өзара қырқысуларды басып, ірі феодалдарды маңайына топтастырды.

Қазақстан — ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр аумақтың иесі. Осы аумақты бізге мұра еткен біздің ер жүрек ата-бабаларымыз. Елбасымыз «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» Жолдауында айтып кеткендей: «Отанды сүйу — бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Бүгінде барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні — осы деп білем. Сонымен қатар 2015 жыл — ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтілді¹. Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие».

Біз өзіміздің тарихымызды жинақтап, өткенімізді құрметтеп, хандарымыз бен батырларымызды ұлықтап, қазіргі күні сан ұлттың бірлігін жарастырып, әлемге үлгі боларлық ел болғанымызбен мақтанамыз, бойымызды қуаныш кернейді. Осыған байланысты Астанада сәулетті ескерткіші бой түзеп, асыл аруағына Керей-Жәнібек көшесі беріліп, ұлықталған әзиз хандарымыздың Шу өзені бойындағы Қозыбасыда Қазақ хандығының дербес шаңырағын көтергеніне, ел байрағын желбіреткеніне биыл, міне, 550 жыл толды.

Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойының атап өтілуі жастар тәрбиесінде маңызы өте зор. Әлеуметтану ілімінде ұлттық жетімдік деген сөз бар. Тарихын білмеген халық — бұл жетім халық. Бүгінде тегін білмейтін ұлттар бар. Атап айтқанда, біздің ғасырлар қойнауындағы тарихымызды білуі, яғни оны әр азаматтың білуі және осы тарихтың жалғасымыз әрі мұрагеріміз деп жастардың сезінуі — бұл үлкен рухани күш. Сондықтан бұл мерейтойдың жастарға ықпалы өте зор. Түйіндей айтсақ, біздің қазақ халқымыз әр уақытта «бай тарихтың иесіміз» деп мақтанып жүруі тиіс.

Ал өткенін, тарихын білмеген елдің болашаққа басар қадамы зая болмақ. Сондықтан да тарихымызды ұмытпайық!

ⁱ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол». 11 қараша 2014 ж. // <http://www.akorda.kz>